

FTAXP 16.01.45

М.С. Жолшаева¹, С.А. Дәуірхан¹

¹Сулейман Демирел университеті, Қаскелең қ., Қазақстан

ОҚЫЛЫМ ӘРЕКЕТІНІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ тілі пәнінде оқылым әрекеті арқылы функционалды сауатты ұрпақты қалыптастырудың жолдары ұсынылған. Осыған орай оқылым дағдыларын қалыптастыруда күтілетін нәтижеге бағытталған оқу мақсаттары берілген. Мақалада жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасының ерекшеліктері айтылады. Жаңартылған бағдарламаның негізгі мақсаты – сөйлесім әрекетін дамыта отырып, сыни тұрғыдан өз көзқарасын білдіретін, ойын еркін жеткізе алатын, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру. Осы мақсатта қазақ тілі пәнінде тілдік және қатысымдық әрекеттерді оқушыға меңгерту үшін мынадай дағдылар ұсынылады: тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым дағдылары. Қазақстандық білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне еркін енуі үшін қазақ тілі пәніндегі оқылым әрекетінің атқаратын рөлін, оқылым әрекетінің функционалды сауатты тұлғаны қалыптастыруда беретін мүмкіндіктеріне талдау жасалды.

Кілт сөздер: оқылым әрекеті, жаңартылған бағдарлама, танымдық қабілет, оқыту мақсаты.

Аннотация. В данной статье предложены пути формирования функциональной грамотности обучающихся на примере преподавания казахского языка. К таким путям относятся развитие навыков чтения, говорения, аудирования, прогнозирование ожидаемых результатов от правильно поставленных обучающих целей. Основная цель описываемой обновленной программы – способствовать развитию критически мыслящей и свободно излагающей свою мысль конкурентноспособной личности. Для достижения данной цели при обучении казахскому языку предложены следующие методы: слушание, говорение, письмо, речь. Для успешного вхождения Казахстанской образовательной системы в общемировое образовательное пространство очень важно формирование и развитие функциональной грамотности личности, пути и методы которой описаны авторами на примере преподавания казахского языка.

Ключевые слова: навыки чтения, обновленная программа, познавательные способности, обучающие цели.

Abstract. This article describes ways of forming a functionally literate generation through reading in Kazakh language lessons. In this regard, the learning objectives are focused on the results of the formation of the reading skill. The article describes the features of the renewed curriculum. The main goal of the renewed curriculum is to form a competitive person through the development of the communication skills who can express his point of view and openly express his thoughts. To this end, Kazakh language offers the following skills to develop the language and interpersonal activities of students: listening, speaking and writing. The analysis of the role of the Kazakh language reading in formation of a functionally competent person was made to ensure that the Kazakhstan educational system is free to enter the world educational space.

Key words: reading skills, renewed curriculum, cognitive abilities, learning goals.

XXI ғасырда әлемдік экономиканың шарықтап, нарықтың дамуы «білімдік интеллекті жоғары» тұлғаға деген сұраныстың артуына алып келді. Қазіргі жаһандану заманына сай сауатты жас ұрпақты қалыптастыруда білім беру жүйесіне жаңа параметрлер енгізілді. Соған орай білім берудің негізгі мақсаттары мен күтілетін нәтижелері, тұлғалық жетістіктерді бағалау, қайта қаралып, түрлі өзгерістер жасалды. Сапалы, саналы ұрпақты тәрбиелеу жолында алда әлі талай орындауды қажет ететін мақсаттар мен міндеттер тұр. Бүгінгі білім беру жүйесі – бүкіл әлем мойындаған қоғамдық - әлеуметтік деңгейдің даму көрсеткіші. Сондықтан тәуелсіз еліміздің дамыған елдермен білім беру жүйесінің бір деңгейде болуы, Халықаралық дәрежеге дейін көтерілуді мақсат тұтуы бізді қуантады. Сол жолда бәсекеге қабілеттілігі жоғары, өз ойын еркін әрі анық жеткізе алатын, өздігінен шешім шығаруға бейім бүгінгі заман сұранысына ие жастарды тәрбиелеу үшін білімді мамандарды даярлау жұмыстары қолға алынып жатыр.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы оқу бағдарламасында жалпы орта білім беретін мектептерде «Қазақ тілі» пәнін оқытудың негізгі мақсатын былай деп ашып көрсеткен. Қазақ тілі пәнін оқытудағы негізгі мақсат – ана тілін қадірлейтін, тіл ретінде қоғамдық мәнін түсіне алатын, қазақ әдеби тілінің нормаларын сақтай отырып сауатты жазуға, сауатты тұрғыда дұрыс қолданып, емін-еркін сөйлеуге бағытталған тұлғаны қалыптастыру [1]. «Қазақ тілі» пәнін оқытудың негізгі міндеттері:

1) қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктеріне коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану;

2) тіл сауаттылығы мен сөйлеу сауаттылығын, сөз байлығын, басқалармен емін-еркін

қарым-қатынасқа түсу;

3) аудиовизуалды материалдарды тыңдау арқылы өз көзқарасын ашық білдіру;

4) мәтіндерге қойылатын негізгі мақсаттарға сәйкес қорытынды, синтез, талдау жасау дағдыларын қалыптастыру;

5) түрлі жағдаяттарға сай қарым-қатынас жасауға қажетті функционалды сауаттылықтарын және тілдік күзиреттіліктерін қалыптастыру;

қазақ тілінде сөйлеу біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыру арқылы функционалды сауаттылыққа қол жеткізу [2].

Жаңа оқу бағдарламасына сай сөйлесім әрекеті арқылы оқушы бойында функционалды сауаттылықты қалай қалыптастыруға болады деген сұраққа жауап іздеп көрдік. Осыған байланысты қазақ зиялыларының өкілі Ж. Аймауытов «Ана тілін қалай оқыту керек?» деген мақаласында былай деген: «Бала әуелі тәрбиеге талпынып, нәрсемен танысып, содан кейін сол нәрсе туралы сөйлесін, тыңдасын, жазсын, оқысын, тілді үйренсін», - деген [3].

Бүгінгі таңдағы коммуникативтік оқыту ұстанымы осы дүниелерді негізге алады. Сөйлесім әрекеті арқылы оқытуда күтілетін нәтижелер: айта алу, тыңдай алу, жаза алу, оқи алу, тілдесім сөйлеу бірліктері болып табылады. Біз мақаламызда сөйлесім әрекетіне жетелейтін оқылым дағдысын жан-жақты талқылап, қарастыратын боламыз. Жаңартылған бағдарламаға бойынша «қазақ тілі» пәнінде білім алушылар оқылым дағдысында төмендегідей мақсаттарды меңгеруі тиіс (1-сурет):

Сөйлесім дағдысы	Оқылым	Оқыту мақсаттары. Білім алушылар білуге тиіс
		<ul style="list-style-type: none"> - берілген ақпаратты түсіну; - мәтіннің стильдік ерекшелігін тану; - мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату; - мәтіндер бойынша сұрақтар құрастыра білу; - мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау; - оқылым стратегияларын қолдану; - түрлі ресурстардан ақпарат алу.

Біліктілікті қалыптастырудың дидактикалық қағидаты бойынша белгілі бір іс-әрекетті меңгеру үшін сол іс-әрекет үдерісін тәжірибе жүзінде іске асыру керек. Мысалы мұғалім қазақ тілі сабағында оқылым әрекетін балаға үйретуді басты назарда ұстаса, онда оқулықта қолданылатын әдіснамалық тәсілдер де баланың қазақ тілінде сөйлеуге ынталандырып, қызғушылығын туғызуы тиіс. Оқылым дағдысын қалыптастыру үшін қойылатын басты талап оқушылардың қажеттілігіне

жауап бере алатын тапсырмалар мен танымдық, мәдени деңгейі жоғары мәтіндердің арнайы таңдалып алынуы. Оқылым мақсаттары жүзеге асу үшін арнайы оқылым мәтіндері (поэзия, проза, нақыл сөздер мен қанатты сөздер, шешендік сөз, энциклопедиялық қызықты мәліметтер, түрлі жаңалықтар, танымал тұлғалар жайындағы естелік, күнделіктер) таңдалып алынады. Оқылым – жазбаша сөзді көру арқылы түсініп, ақпарат алып, оны санада қабылдауға бағытталаған тілдік әрекет. Мәтіндерді оқу арқылы оқушының бойында танымдық үдеріс қалыптасады. Оқылым мәтіндегі берілген мәліметтерді толық түсіну үшін оқушы лексикалық, грамматикалық және фонетикалық тіл білімінің салаларын жетек меңгерген болуы тиіс. Мәтінмен жұмыс оқушының сөздік қорын байытып, ауызша сөйлей білуге дағдыландырып, қосымша мәліметтер алуға мүмкіндік береді. Оқылым дағдысының бірнеше стратегиялар бар. Олар: болжап оқу, автордың басты идеясын тауып оқу, жай ғана мәтінмен танысу мақсатында көз жүгіртіп оқу немесе зер салып оқу, ізденіп оқу, таныса оқу, оқыған мәтіннің түйінін түсініп, одан қорытынды шығара отырып оқу. Бұл оқылым түрлері арқылы оқушы мәтіннің мазмұнын әртүрлі деңгейде санасына қабылдай алады. Ізденіп оқу барысында оқушы мәтінде өзіне қажетті, қызықты деп таныған ақпаратты ғана алады. Таныса оқуда білім алушы мәтінде көтерілетін мәселе не жайында, басты идеясы не туралы екенін болжау мақсатында оқиды. Зер сала оқу мәтіндегі ақпараттарды толық түсініп, оны әңгімелеп, баяндап айта алумен ерекшеленеді. Мәтін мазмұнын оқушының түсініп не түсінбегенін бір-біріне сұрақтар қою арқылы немесе мәтін мазмұны бойынша өзіне сұрақтар дайындату арқылы оңай білуге болады. Көз жүгірте оқуда жалпы мәтіннің идеясын білу үшін тез оқып шығады. Мазмұны жағынан қарапайым, қызықсыз мәтіндер оқушының сабаққа деген ынтасын да төмендететіні белгілі. Балаға мәтін проблемалық сұрақ туындататындай болғаны абзал, яғни баланы ойландыру керек. Оның деңгейіне сай жеңіл әрі түсінікті, есінде тез сақтай алатындай, мағынасы терең мәтіндер таңдалып алынғаны жөн [4].

Оқылым – ақпаратты қабылдауға негізделген дағдының бір түрі. Оқылым әрекеті барысында жалпы мәтінде не жайында айтылған, берілген мәтіннің мазмұнын оқушы түсіне ала ма деген сұрақтарға жауап беру аздық етеді. Әртүрлі қосымша дереккөздерден және ресурстардан ақпаратты таңдап алып оқу да оқылым әрекетіне жатады.

Ғалым Ф. Оразбаева оқылым әрекетінің маңызын былайша жіктеп көрсетеді: 1. Білім алушы оқылым әрекеті арқылы барлық тілдік қарым-қатынасқа қажетті ақпараттардан хабардар болады және оны коммуникативтік сөйлесім кезінде қолданысқа енгізіп, керегіне жаратады. 2. Оқылым әрекеті кезінде білім алушы өн бойына жинаған әдеби, мәдени, әлеуметтік салалардағы танымдық мәліметтері бір кезеңнен екінші кезеңге дейін жалғасын тауып, жеке тұлғаның қоршаған ортаға,

айналаға деген дүниетанымын кеңейтіп, өзіндік түсінігін қалыптастырады. Ішкі-әлемін және ой-санасын дамытады. Ойлау қабілеті мықты дамыған адамның сөйлеу қабілеті де ерекше болады. Себебі ойлау мен сөйлеу қатар жүретін процесс. Әдеби, көркем шығармаларды оқыған тұлғаның сөз байлығы да соншалықты кең болады. Сөйлеу әрекеті кезінде адамның оқыған дүниелері өз әсерін тигізбей қоймайды. Сол үшін де оқылым дағдысы білім алушының бойында функционалды сауаттылықты қалыптастыруға көмегін тигізеді. 3. Оқылым әрекеті арқылы білім алушы өзі мәтіннен түйгенін, білгенін жинақтайды, сұрыптап, тұжырым жасайды [5].

Ғалым С.К. Фоломкина оқылымның түрлерін [6] :

- негізгі ақпаратты алуға бағытталған танысым оқылымы;
- мәтін мазмұны бойынша толық ақпаратты алуды көздейтін зерттеу оқылымы;

нақты ақпарат пен фактілерді табуды көздейтін іздестіру оқылымы деп бөледі.

Оқылым қызметінің түрлерін мәтін дайындау кезінде ескерген жөн.

Оқылым қызметі		
Танымдық	Реттеушілік	Құндылықты-бағдарлы
Мәтіндегі ақпаратпен танысып, не жайында екенін білу үшін оқиды.	Өзі істей білуі үшін оқиды.	Жаны рахаттанып, қуанышты сезімге бөлену үшін оқиды.
Адамдар, қоршаған орта, фактілер, жайында ақпараттар алады.	Алған ақпаратын шынайы өмірде, өз тәжірибесінде қолдануға тырысады.	Жеке тұлға ретінде жан-жақты дамиды, өзінің эстетикалық, мәдени деңгейін көтереді.

Оқылым мәтіні қандай деңгейде болуы тиіс, не үшін қолданылатыны туралы анықтап алу керек. Төмендегі кестеде оқылым қызметі көрсетілген (2-сурет).

Кез-келген сөйлесім әрекетінің түрі белгілі бір мақсатты айқындауы тиіс. Оқылым әрекетінде күтілетін нәтиже тұғысынан мақсаттарды қалай айқындауға болады? Мақсаттар нені айқындауы қажет? Оқушы оқылым әрекетін меңгеру арқылы қандай нәтижеге қол жеткізеді, қандай іс-әрекеттер мен өзіндік қадамға бара алады деген дидактикалық сұрақтарға жауап беру арқылы күтілетін нәтижені де болжай аламыз. Мәтінмен жұмыс көбіне оқылымға қатысты болады. Негізгі орта білім беру деңгейіне арналған «Қазақ тілі» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында оқылым әрекетіне қойылатын мақсаттарды былайша көрсетеді:

Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды түсіну және анықтау;

Мәтіннің стилін ажыратып, тану;
Мәтіннің жалпы мазмұнын түсіну;
Мәтін арқылы нақты ақпараттарды анықтауға арналған сұрақтар,
проблемалық сұрақтар құрастыру;
Оқылым стратегияларын қолдану;
Мәтіндердің жанрлық ерекшелігін ажырату;
Мәтіндегі түсініксіз сөздермен жұмыс жасау;
Мәтіннен өзі үшін тың ақпарат алу;
Салыстырмалы анализ жасау;
Түрлі ресурстардан ақпарат алу;
Мәтіннің негізгі идеясын түсіну;
Дұрыс сөйлеуге дағдылану арқылы сөйлеу шеберлігін дамыту;
Мәтінді оқу барысында орфографиялық қателерді сөздіктерге
сүйене отырып дұрыс жазу.

Қазақ тілі сабағы қызықты өтуін қалайтын мұғалім сабақ барысында мәтіндерге қатысты тапсырмаларды да барынша әр алуан етіп беруге тырысуы керек. Оқушы мәтінді толық оқымағанға дейін және мәтінді оқып болғаннан кейінгі тапсырмалар тапқырлық пен шығармашылыққа сүйеніп берілгені жөн. Мысалы, сол күні өткізілетін тақырып мамандықтарға байланысты болса, тақтаға мамандық, кәсіп иелерінің суреттерін іліп, бүгінгі тақырыпта болжату. Суреттерге тоқталып, не жайында екенін балаларға баяндату арқылы олардың өз ойларын тыңдау, оны талқылау. Мәтінді талдау барысында мұғалім оқушылардың үнемі лингвистикалық білімдерін дамытып, жетілдіруі тиіс. Мәтіндерді оқу барысында фонетикалық, морфологиялық талдаулар жасатып, қазақ тілінен өткен барлық ережелерді естеріне түсіртіп, бекітіп отыруы шарт. Мұндай мәтінге қатысты тапсырмалар оқылым мен жазылымда аралас жүреді. Сонымен бірге мәтінді оқуы кезінде мәтіннің түрлерін, стилін, жанрын ажырата білудің де маңызы зор. Ол мәтін мақала ма, хат па, поэма ма, хабарландыру ма? Бұл дағдыларды іске асыру үшін құрылатын тапсырмалардың да өз реті болуы тиіс [7].

Қазақ тілінде оқылым дағдысы арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың маңызы зор. Оқылым дағдылары оқу сауаттылығын арттырудың бірден-бір негізгі жолы. Оқу сауаттылығы бұл – оқушылардың оқулықтағы жазба мәтіндердің мазмұнын дұрыс түсініп, ауызекі сөйлеу барысында қолдана алуы, мәтін барысында белгілі-бір ой қорытуы. Жаңа білімді игеру кезінде түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, шынайы өмірге бейімделу. Оқу сауаттылығы оқушының бойында аңғарымпаздық және тиянақтылық қасиеттерін игеруге жол ашады. Себебі білім алушы мәтінді оқу барысында барынша ынта бөліп, ден қойып оқымаса, мәтіннің басты идеясы мен мазмұны не жайында екенін түсіну кезінде қиындықтар туындайды. Оқушылардың кез-келген ортада өздерін емін-еркін сезініп, өзге адамдармен жеңіл

қарым-қатынас орнатуы, олармен дұрыс ақпарат алмаса алуы үшін мәтінмен жұмыс жасай алуы тиіс. Себебі мәтін мазмұнын дұрыс түсінбеген бала, өзгелермен коммуникативтік қарым-қатынас барысында алған ақпаратты дұрыс қорыта алмайды.

Қорыта айтқанда, функционалды сауатты ұрпақты қалыптастыру – қазіргі заманның талабы. «Сауаттылық» сөзі оқушылардың алдарына қойған мақсаттарын жүзе асыра алуымен өлшенеді. Яғни достарымен, құрдастарымен жақсы қарым-қатынас орната алу, білім алу, үлкен қызметке орналасу, ортаға бейімделе алу, шынайы өмірдегі болатын түрлі жағдайларға дайын болу. Осы айтылған дүниелер менрухани құндылықтарды өн бойына сіңіріп өскен оқушы, үлкен өмірге ешқандай қорқынышсыз, өзіне сенімділікпен қадам басады. Себебі ол оқушы алған білімін қайда жұмсау керегін, не үшін алғанын, не мақсатта қолданатынын біледі, оған есеп бере алады. Осындай ұрпақты қалыптастыру сіз бен біздің міндетіміз!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2012 жылғы оқу бағдарламасы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 20 тамыз, №1080 қаулысымен бек. – URL: www.adlet.zan.kz

2 «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуір, №115 қаулысымен бек.

3 А. Жүсіпбек. Ана тілін қалай оқыту керек ? // Жаңа мектеп. – 1925. – №2. – Б. 63

4 А. Әлімов. Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану. – Алматы: Атамұра, 2015. – 180 б.

5 Ф.Ш. Оразбаева. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы: Білім, 2000. – 207 б.

6 С.К. Фоломкина. Обучение чтению на иностранном языке в неязыковом вузе. – М.: Высшая школа, 1987. – 253 с.

7 С. Жантасова. Қазақ тілі: Әдістемелік нұсқау: Жалпы білім беретін мектептің мұғалімдеріне арналған құрал. – Алматы: Мектеп, 2017. – 272 б.